

"Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 31 желтоқсандағы № 1197 қаулысы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 8-қосымшада:

реттік нөмірі 1-жолдағы 7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"

7)	республика чемпионаттарында (жастар мен жасөспірімдер арасында) бірінші орынға		ЛА-дан 1 %	Республикалық олимпиадалық даярлау орталықтарынан, спорт колледждерінен және жоғары спорт шеберлігі мектептерінен басқа
----	---	--	------------	---

".

,"

реттік нөмірі 2-жолдағы 7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"

7)	республика чемпионаттарында (жастар мен жасөспірімдер арасында) бірінші орынға		ЛА-дан 10 %	Республикалық олимпиадалық даярлау орталықтарынан, спорт колледждерінен және жоғары спорт шеберлігі мектептерінен басқа
----	---	--	-------------	---

".

,"

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 7-жолмен толықтырылсын:

"

--	--	--	--	--

7.	Біліктілік тестінен өткен және спорттық даярлықтың ұлттық стандарттары бойынша оқу – жаттығу процесін іске асыратын балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің, олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің, мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің жаттықтырушы-оқытушыларына	Жаттықтырушы-оқытушылық шеберлік санаты үшін қосымша ақы	ЛА-дан 30 %	Көрсетілген қосымша ақыны белгілеу тәртібі мен шарттарын дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган айқындайды. Аталған қосымша ақы лауазымдық айлықақыға нақты жүктемені ескере отырып белгіленеді, бірақ нормативтік оқу жүктемесінен аспайды.
----	---	--	-------------	---

".

2. Осы қаулы 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК